

**"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржылық құралдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 210 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 828 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 731 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 731 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржылық құралдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 210 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 21-22, 126-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржылық құралдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің банктік шотындағы ақша
----	---

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*